

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Щучинск қаласы, жоғары педагогикалық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» лауазымға қабылдауға конкурс жариялайды:

- 1) Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесінің оқытушысы (мемлекеттік тілде) -1 бірлік.
- 2) Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесінің оқытушысы (орыс тілде) -1 бірлік.
- 3) Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы-1 бірлік.
- 4) Орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы-1 бірлік.
- 5) Ағылшын тілі оқытушысы (мемлекеттік тілде) -1 бірлік.
- 6) Дене тәрбиесі оқытушысы (мемлекеттік тілде) -1 бірлік.
- 7) Дене тәрбиесі оқытушысы (орыс тілде) -1 бірлік.
- 8) Математика (мемлекеттік және орыс тілде) -1 бірлік.

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, индексі 021700, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Б. Момышұлы көшесі 23, Телефон: 8(716-36) 2-30-33

Мамандығы бойынша жұмыс өтіліне байланысты лауазымдық жалақысы 155 734 теңгеден бастап;

#### **Оқытушының біліктілігіне қойылатын талаптар:**

тиісті бейіндер бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе кәсіптік білім жұмыс өтіліне талаптар қоймай;

немесе біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін – кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл; педагог-шебер үшін – 5 жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі.

Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып біліктілікке қойылатын талаптар:

1) «педагог»:

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі тиіс;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру;

сандық білім беру ресурстарын қолдану;

2) «педагог»

3) «педагог-сарапшы»:

«педагог-модератор» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:  
ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеру;  
тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау: білім беру  
ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің;  
аудан/қала деңгейіндегі тәжірибені қорытындылау;  
аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың  
болуы;

4) «педагог-зерттеуші»:

«педагог-сарапшы» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:  
Сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру;  
білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;  
аудан, қала деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және  
даму стратегияларын айқындау;

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және Астана, республика деңгейінде  
(республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) тәжірибені жинақтау;

БІ. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-  
әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаның болуы немесе техникалық  
және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте  
немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе техникалық және  
кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған  
оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, Оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік  
құралдар тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың  
авторы (тең авторы) болып табылады немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-  
әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді немесе  
WorldSkills (WorldSkills) (кәсіби шеберлік конкурсы) чемпионаттарының сарапшысы  
немесе педагогтердің біліктілігін арттыру жөніндегі жаттықтырушы болып табылады;  
ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

облыс деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби қоғамдастық желісін  
дамытуды жоспарлау;

республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы  
болу немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың  
қатысушыларын даярлау.

### **Лауазымдық міндеттері:**

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәнді  
ескере отырып білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;  
жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылардың  
жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға ықпал етеді;  
оқытудың ең тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық  
технологияларды пайдаланады;

білім алушылардың сапалы білім, білік және дағды алуын қамтамасыз етеді;  
оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысады;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

жабдықты пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындайды;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттардың міндетті тізбесін жүргізеді.

### **Білуі керек:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;

Педагогика және психология, әлеуметтану негіздері, қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері;

педагогикалық этика нормалары;

еңбек туралы заңдар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері.

### **Конкурсқа қатысу үшін оқытушы лауазымына үміткерге:**

1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-Бар болса) және фото;

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген);

11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

12) Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген).

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы Кон қатысушысына құжаттарды қайтару үшін негіз болып табылады

**Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 02 тамыздан 12 тамызға дейін жүзеге асырылады:**

1) колледждің кадр бөлімі: Щучинск қ., Б. Момышұлы к. 23, каб. 115, 09-00 - ден 13-00-ге дейін және 14-30-дан 17-30-ға дейін.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары: 8 (716-36) 4-33-30, электрондық мекенжайы: [otdel\\_kadrov\\_21@inbox.ru](mailto:otdel_kadrov_21@inbox.ru)

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына он сегіз жастан кем емес байқаушылар шақырылады.

Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін адам әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірмей кадр қызметін хабардар етеді.

Хабарлама конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген телефон немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.